

Инновациялық грант туралы үлгілік шарттың нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылғы 21 тамыздағы N 227 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 11 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5786 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 105 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012.03.30 № 105 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасын іске асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Инновациялық грант туралы үлгілік шарттың нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің Инновациялық саясат департаменті:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін заңнамамен белгіленген тәртіпте оның ресми жариялануын бұқаралық ақпарат құралдарында қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда вице-министрі Н.Т. Раевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы

Индустрия және сауда министрінің
2009 жылғы 21 тамыздағы N 227
бұйрығымен бекітілген

Инновациялық грант туралы үлгілік шарт

Астана қаласы

200__ жылғы " __ " _____

Бұдан әрі "Сенімгер уәкіл" деп аталатын, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі – грант беруші атынан _____ негізінде іс-әрекет ететін 200_ жылғы "____" _____ N ____ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, _____, тұлғасында бір жағынан _____ (сенімгер уәкілінің толық атауы) және _____ бұдан әрі "Грант алушы" _____ (уәкілетті органның лауазымы, Т.А.Ә.А.) деп аталатын, _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.А.) тұлғасындағы 200_ жылғы "____" _____ N ____ мемлекеттік _____ (з а н д ы т ұ л ғ а ү ш і н) тіркеу туралы куәлік не _____ берілген N _____ жеке бас _____ (ж е к е т ұ л ғ а ү ш і н) куәлігі негізінде іс-әрекет ететін _____ (грант алушының толық атауы) тұлғасындағы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын мына төмендегілер туралы осы Инновациялық грант туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарттың мәні Сенімгер уәкіл мына:

" _____ "

(жұмыс түрін көрсету қажет: қолданбалы сипаттағы тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) тәуекелді зерттеулерді орындау, инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау, шетелдік мемлекеттерде және (немесе) халықаралық ұйымдарда өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу, инновациялық технологияны сатып алу) арналған инновациялық грантты (бұдан әрі – Жұмыстар) осы Шартта көзделген мөлшерде _____ ұсыну _____ болып _____ табылады.

1.2. Қаржыландыру мәні инновациялық грант қаражатынан мыналарды қ о с п а ғ а н д а :

- 1) ұйымның айналым қаражаттарын толықтыруға арналған шығындар;
- 2) грант алушы ұйымның қызметкерлерінің не болмаса Грант алушының өзінің еңбек ақысын төлеуді қоспағанда, грантты іске асыруға байланысты негізделген шығындар болуы мүмкін.

2. Тараптардың міндеттері

2.1 Сенімгер уәкіл мыналарға:

2.1.1. Грант алушыға _____ теңге (_____) _____) сомасында инновациялық грант беруге;

2.1.2. Грант алушыға осы Шарттың 3-бөліміне сәйкес инновациялық грантты уақтылы аударуды қамтамасыз етуге;

2.1.3. Грант алушыға берілген инновациялық грантты мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2.2. Грант алушы мыналарға міндеттенді:

2.2.1. Осы Шарт бойынша Сенімгер уәкілінен алынған инновациялық грантты 200__ жылғы " __ " _____ дейінгі мерзімде нысаналы мақсатқа және шығыстар сметасына сәйкес пайдалануға. Инновациялық гранттың пайдаланылмаған сомасы Сенімгер уәкілдің банктік шотына қолма-қол ақшасыз аудару жолымен қайтаруға жатады;

2.2.2. 200__ жылғы " __ " _____ бастап 200__ жылғы " __ " _____ дейінгі мерзімде инновациялық грантты іске асыруға көзделген іс-шараларды орындауды қамтамасыз етуге;

2.2.3. Сенімгер уәкілге осы Шарттың 4-бөлімінде көзделген есептілікті у а қ т ы л ы _____ ұ с ы н у ғ а ;

2.2.4. Грант алушы шарттың негізгі шарттарын бұзған, оның ішінде:

1) жобаны іске асыруға Грант алушының өз қаражатын салу міндеттемелерін о р ы н д а м а ғ а н ;

2) алынған бюджеттік қаражатты Шарт бойынша сметада көзделмеген мақсаттарға пайдаланған жағдайда инновациялық грант Сенімгер уәкілдің банктік шотына қолма-қол ақшасыз аудару жолымен қайтаруға жатады.

2.2.5. Инновациялық грантты мақсатқа сай пайдаланбауға жол берген Грант алушы, бұдан әрі гранттың тең ізденушісі болу құқығынан айырылады.

3. Инновациялық грантты қаржыландыру және пайдалану тәртібі

3.1. Сенімгер уәкіл осы Шарттың 2.1.1. тармақшасында көрсетілген инновациялық грант сомасын Грант алушының банктік шотына ақша қаражатын тікелей қолма-қол аудару жолымен береді.

3.2. Инновациялық гранттың сомасы осы Шартта көрсетілген Грант алушының банктік шотына осы Шарттың ажырамас қосымшасы болып табылатын қаржыландыру кестесіне сәйкес кезең-кезеңмен (траншпен) аударылатын болады. Алдыңғы транш бойынша қаражат үнемделген жағдайда

кейінгі транштың сомасы мұндай үнемнің сомасына азайтылатын болады. Соңғы транш бойынша қаражат үнемделген кезде мұндай үнемнің сомасы Грант алушының соңғы транш бойынша есеп берген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде Сенімгер уәкіліне қайтарылуға жатады.

3.3. Грант алушы қаржыландыру кестесіне сәйкес Сенімгер уәкілден келесі траншты алуға арналған құқықты мынадай жағдайларды қадағалаумен алдыңғы транш құралдырын пайдалану туралы есептілікті ұсынғаннан кейін ғана ала алады :

3.3.1. Алдыңғы транштың қаражаты қатаң түрде нысаналы мақсат бойынша пайдаланған ;

3.3.2. Техникалық тапсырмада көзделген алдыңғы кезең бойынша жұмыстар күнтізбелік жоспарға сәйкес және толық көлемде уақтылы орындалған.

3.4. Инновациялық грант сомасы бекітілген шығыстар сметасымен сәйкес, осы шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген Жұмыстарды іске асыру мақсаттары үшін айрықша орындалған болуы тиіс.

3.5. Грант алушы инновациялық грант ақша қаражаты мен мүлкін коммерциялық мақсаттар үшін пайдалануға құқығы жоқ.

3.6. Грант алушы Сенімгер уәкілімен қаржыландырудың жалпы сомасы шегінде шығыстар сметасымен бекітілген баптар арасындағы бюджет қаражатын қайта бөлуге байланысты әрекеттерге жазбаша нысанда келіседі.

3.7. Шарт техникалық және өзге сипаттарды ашатын, оларды орындау жұмыс ерекшеліктерінен туындайтын қосымшалармен және грант нысанында қаражатты нысаналы пайдалануды және грант беруші мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін басқа да ережелермен толықтырылуы мүмкін.

4. Есептіліктің тәртібі мен нысаны

4.1. Грант алушы мыналарды :

4.1.1. Техникалық тапсырмада көзделген іс-шараларды орындау туралы және күнтізбелік жоспарда белгіленген мерзімдерді сақтау туралы есепті;

4.1.2. Инновациялық грант шығындары туралы есепті қамтуы тиіс жұмыстың әрбір кезеңі аяқталған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде қаржыландыру кестесіне сәйкес берілген әрбір транш бойынша есеп береді.

4.2. Осы Шарттың 4.1.-тармағымен көзделген есептерді Грант алушыға инновациялық грантты іске асырумен байланысты операцияларды тиісті түрде көрсетуді растайтын құжаттарды қосымшаларымен ұсынады.

4.3. Егер берілген есепті Сенімгер уәкіл қанағаттанарлықсыз деп қабылдайтын болса, бұл туралы хабарлама есепті алған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Грант алушыға жіберуі тиіс. Көрсетілген мерзімде

осындай хабарламаны жібермеу Сенімгер уәкілінің есепті қанағаттанарлық деп санағаны болып есептеледі.

4.4. Грант алушы хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған ескертулерді жояды және Сенімгер уәкілге түзетілген есепті ұсынады.

4.5. Инновациялық гранттың мақсатқа сай пайдаланбауы, сондай-ақ осы Шарттың 4.1.-тармағында көзделген есептер мерзімінде бермеу фактілері айқындалған жағдайда Грант алушы Сенімгер уәкілдің жазбаша талабы бойынша даусыз тәртіпте мақсат сай емес пайдаланылған инновациялық грантты Сенімгер уәкілдің банктік шотына қолма-қол аудару жолымен қайтаруды жүргізеді.

4.6. Көрсетілген мерзімде жоба бойынша есептерді бермеген жағдайда Грант алушы есепті беру жөніндегі кез келген болжанған кідірістер туралы Сенімгер уәкілге хабарлайды, өзге жағдайда Сенімгер уәкіл жобаны қаржыландырудың одан арғы мақсатқа сай болуы туралы шешім қабылдайды.

4.7. Грант алушы Сенімгер уәкілге бекітілген нысанға сәйкес жоба бойынша зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруға бағытталған іс-шаралар туралы жыл сайынғы есептерді ұсынады.

4.8. Грант алушы қолданбалы сипаттағы тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) тәуекелді зерттеулерге арналған инновациялық грант бойынша, оның ішінде шешімдерді енгізу бойынша есептілікті рәсімделген күзет құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде ұсынады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

5.2. Инновациялық грантты мақсатқа сай пайдаланбау, сондай-ақ осы Шарттың 4.1.-тармағында көзделген есептерді мерзімінде бермеу фактілері айқындалған жағдайда Грант алушы берілген инновациялық грант сомасынан 10 % мөлшерінде тұрақсыздықты төлеуге міндеттенеді.

6. Шарттың шарттары мен оны бұзу тәртібі

6.1. Шарт мынадай жағдайларда:

6.1.1. Инновациялық грантты Грант алушы мақсатқа сай пайдаланбаған;

6.1.2. Грант алушы қаржыландыру кестесімен белгіленген келесі транштың мерзімі жеткен күнге дейін есеп бермеген және Сенімгер уәкіл мұндай есеп бермеушілікке келіспеген;

6.1.3. Осы Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді Тараптардың бірі

орындамаған жағдайларда бұзуға жатады.

6.2. Осы бөлімінің 6.1.-тармағында көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзған жағдайда Грант алушы инновациялық гранттың барлық кейінгі сомаларын алу құқығынан айырылады.

7. Айрықша шарттар

7.1. Қолданбалы сипаттағы тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) тәуекелді зерттеулерге арналған инновациялық грантты алған Грант алушы осы бөлімге сәйкес жобаға тартылған, сондай-ақ оны іске асыру барысында алынған зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру (пайдалану) бойынша шараларды өз бетінше қабылдауға міндеттенеді.

7.2. Грант алушы өз қаражаты есебінен жыл сайын күзет құжатын күшінде (оның грант сомасына енгізілгеннен кейін бірінші үш жыл ішінде патентті және (немесе) өзге күзет құжатын қолдауға арналған қаражаттар бойынша шет мемлекеттерде және (немесе) халықаралық патенттік ұйымдарда инновациялық грантты ұсыну жағдайын қоспағанда) ұстап тұруға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте төлем жүргізуге міндеттенеді.

7.3. Грант алушы шартта белгіленген, бірақ осы Шартты жасаған сәттен бастап 3 (үш) жылдан астам емес мерзім ішінде зияткерлік меншік объектілерін пайдалану жөніндегі іс-әрекетті Сенімгер уәкілмен келісуге міндеттенеді.

7.4. Грант алушы қолданбалы сипаттағы тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) тәуекелді зерттеулерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте рәсімделген күзет құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде жұмыс нәтижелерін енгізу бойынша міндеттемелерді өзіне алады. Қолданбалы сипаттағы тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) тәуекелді зерттеулер нәтижелері енгізілмеген жағдайда алынбаған лицензия негізінде олардың нәтижелері инновациялық грантты ұсыну туралы шешімді қабылдайтын, инновациялық қызмет саласындағы уәкілетті орган тұлғасындағы, грант берушіге беріледі.

7.5. Инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауға арналған инновациялық грантты алу кезінде грант алушы Қазақстан Республикасының аумағында инновациялық грантты іске асыруға міндеттенеді.

8. Форс-Мажор

8.1. Егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күштердің: әскери іс-қимыл, тілсіз қияпат, көтерілістің, жаппай бүліктің, мемлекеттік органдардың тыйым салынған немесе шектеу шаралары мен өзге төтенше және қорғай алмайтын сияқты

жағдайдың әсер етуінен туындаған болса Тараптар осы шарт бойынша міндеттерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Форс-мажорлық жағдайлардың фактісі тиісті құжатпен расталуы тиіс. Шарт бойынша міндеттерді орындау мерзімі мұндай жағдайлардың әрекет етуі у а қ ы т ы н а ұ з а р т ы л а д ы .

8.2. Осы Шарт бойынша міндеттерін форс-мажордың күшімен тиісінше орындауға мүмкіншілігі болмаған Тарап, 3 (үш) жұмыс күн ішінде форс-мажордың туындауы туралы басқа Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға м і н д е т т і .

8.3. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде осы шартқа сәйкес осындай жағдайлардың болуынан күшіне енуі мүмкін болмаған кез келген міндеттерді орындаушы Тарап форс-мажор жағдайлары басталған немесе жойылған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда (осы шарт бойынша өз міндеттерін орындау мүмкін емес дәлелдер мен негіздемелер) х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

8.4. Хабарламау немесе уақытында хабарламау Тарапты форс-мажордың кез келген міндетіне жүгіну, мұндай хабарлау немесе уақытында хабарламау форс-мажордың тиісті міндеттерімен тікелей туындаған жағдайды қоспағанда, осы шарт бойынша міндеттерді орындамау үшін жауапкершіліктен босатылу негізі ретінде құқығынан айырылады. Форс-мажор міндеттерін басталуы туралы және аяқталуы туралы хабарлама құжатпен, не болмаса форс-мажор міндеттері жалпыға танымал және жаппай сипаттағы жағдайды және дәлелдерді қажет етпеген жағдайды қоспағанда, мұндай міндеттерді растайтын тиісті орган және/немесе мекеме куәлігімен расталуы тиіс.

9. Хабарлама

9.1. Тараптардың бір-бірінің кез келген жазбаша хабарламасы, егер ол Тараптар өкілдеріне қолдан қолға берілген болса, мына мекен жайлардың біріне курьер почтасымен немесе факсты қабылдап алған адамның тегі мен лауазымын көрсете отырып, факс бойынша жіберілген болса, тиісті түрде ұсынылған болып саналады:

С е н і м г е р у ә к і л ү ш і н :

Г р а н т а л у ш ы ү ш і н :

10. Өзгерістер

10.1. Осы Шартқа өзгерістер Тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша нысанда енгізілуі мүмкін. Кез келген мұндай өзгерістер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

10.2. Тараптар өзінің деректемелерінің (мекен жайы, телефоны, банктік деректемелер және т.б.) өзгеруі туралы мұндай өзгерістер болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күннен кешіктірмей бір-біріне хабарлауға міндетті.

11. Дауларды шешу

11.1. Осы Шарттың ережелерін талқылау немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

11.2. Дауларды соттан тыс шешу мүмкін болмаған жағдайда Тараптар Сенімгер уәкілдің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарына жүгінетін болады.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Осы Шартқа барлық қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

12.2. Осы Шартпен реттелмеген барлық қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

12.4. Қолданбалы сипаттағы тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) тәуекелді зерттеулерді орындау кезінде шарт Грант алушы нәтижелерін енгізу бойынша өзінің міндеттерін, не болмаса инновациялық грантты ұсыну туралы шешімді қабылдайтын, инновациялық қызмет саласындағы уәкілетті орган тұлғасындағы, грант берушіге алынбаған лицензия негізінде нәтижелердің көшуі орындалғаннан кейін ғана орындалды деп саналады.

12.5. Шарт бірдей заңдық күші бар төрт данада қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалады.

13. Мекен жайлары және банктік деректері

Сенімгер уәкіл:

Грант алушы:

Сенімгер уәкілінің атынан

Грант алушының атынан

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.А.)
Т.А.Ә.А.)

(уәкілетті тұлғаның лауазымы,

(ҚОЛЫ)

М. О.

(ҚОЛЫ)

М. О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК